арыз жазып кірген. Жалпы, 20-30-жылдар елде клуб жұмыстары қарқын алып, тұрғындардың белсенділігі көтеріле бастайды. Бұл кезде Астраханда аз ұлт өкілдерінің облыстық сзесі өтеді. Оған әжей де қатысады. Осы кезеңде 67 жастағы Дина әкейдің өміріндегі бір жаңалық — алғаш рет клуб сахнасына көтеріледі. Күнделікті ауыр жұмыстан кейін Дина әжей әр кеште артель мүшелеріне домбыра тартып, кенділі көтерген. Козлово ауылынан бар-жоғы бір жарым шақырым жерде орналасқан сол елді мекен «Дина ауылы» атанған (Диазновка с.). Дина күйші 1937 жылы тамыз айында оны арнайы іздеп келген композитор Смағұл Көшекбаевпен Алматыға аттанған. Сонда Дина Нұрпейісова елмен қоштасарда: «Туысқандар! Мен өз борышымды, алдыма қойған асыл мақсаттарымды орындау үшін Қазақстан астанасына аттанып барамын. Мен ұстазым — атақты домбырашы Құрманғазыдан көп нәрсені үйрендім, оның өнерін бізден келтіріп домбырашыларға жеткізуге уәде берген едім. Құрманғазыдай ұстаздың домбырада ойнау өнерінің қыры мен сырын өрбір домбырашының сана-сезіміне жеткізу үшін барамын... Мен оны түсіндіруге тиістімін. Сендермен қоштаспаймын, қазақтың қоныр домбырасының қадір-қасиетін, оның өнерін әлі де жоғары көтеру үшін, көп еңбек сіңіру үшін, соған аянбай жұмыс істеу үшін аттанып барамын, — деген. Қазір сол Козлово селосының орталығында Мәдениет үйі бар. Ол Дина Нұрпейісова атында. Володар ауданы орталығында бір көше халық композиторының атымен аталады, сондай-ақ Козлово ауылында да бір көше Д. Нұрпейісова атында. Мұрағат қазынасы атқарғанда «Дина Нұрпейісова 1934 жылы Володар аудандық, 1937 жылы Красный Яр аудандық депутаттар комитеті атынан «Қазақ музыкалық аспабында асқан шеберлікпен орындағаны үшін Дина Нұрпейісоваға Құрмет грамотасы сыйға берілген» делінген. Бұл сол кездегі күйші әкемізге берілген үлкен баға деуге негіз бар. Дина Нұрпейісованың домбырада орындаушылық өнеріне қайран қалған композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде, сағалағанда небір алпақ пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындаң оқырлық әуенді 62 тамырындай боилата, шымырлайта, жаңғырта, шұпалта, бұырқана небір өзгеге тұседі», — дейді...

Өйгерім ҚУАНДЫҚОВА, ҚМУ студенті

Айгул ӘЛІШЕРОВА



# ЖАЗҒЫ ҚҰЙЫН

Алқалай жиналған қауымның назары той жүргізген асабада болғанмен, ойы жиынды тез бітіруге асыққан. Ышқына соққан дауыл ауладағы құмды үйіре соғып, құйында та жөнегенде ел еріксіз бетін көлегейлей берді. Әдетте той болған күннің ауа-райын жаңа түскен келіннің мінезімен бағалайтын жұрт бұл жолы оны тіпті ауызға алмады. Бар болғаны «қара дауыл бір басымай қойды» деген сөзді шарасыздықпен қайталай берген.

Ауылда сырттай қарасан ақтұманданып тұрғанын бірден байқар едің... Күм араасқан шаң көзінді толтырып, тісінді шықырлатады. Бірақ күннің ыстығы мен күм боранына қарап, ауыл жұрты той жасамай қалмайтыны белгілі еді. Енді, міне, ағайын-туыс түгел бас қосқан беташарда бөрінің бөрекесі қашып тұр. Жақсы мен жаманға бірдей шүкірлік ететін ауыл адамдарының жаны сірілігі сонша, анау-мынау қиындықты үзбей отып, уайым қыламытай. Көңбіс жұрттың көңіліне күндіз-түні бір тынбайтын жазғы дауыл қатты әсер еткені ме, әйтеуір бір-екі адам бас қосса, күннің райын талқылайтын болыпты...

Ауылға жиі келгеніме ме, әйтеуір бастапқыда бәрі жүдеу көрінген. Оқу, одан қалды жұмыс деп жүретін Айнаштың бес-алты айды араға салып келген беті осы. Қыста келгенде «енді ауылға аттап басыпсың» деген пенделік күлкімен кеткен. Әдейі айтқан жоқ. Жұқа жауған қарға жанбыр қосылып, жердің саз бастық адам айтқанына иленген де қалған. Ыңыраңа жүрген көлік бір тоқтады, бірде баяу жылжығандай болады. Айнаштың сондағы ойы гой бұл. Өйтпесе ерке қыздың ауыл дегенде еменің белгілі гой. Енді, міне, қысы жолға қолайсыздықтың жазғы жағдайды да мәз болып тұрған жоқ. Құрбысының тойына арнайы келген ол күн көтерілген бетте ұйқысынан оянда. Түнде үдей соққан желден терезе алтын шаң басып қалыпты. Әдеттегідей құйынның ізі екені білініп тұр. Ескі алдына шыққаны сол шақырайған күн өне бойын күйдіріп жібергендей болды. «Таң атпай жатып, не деген ыстық?!». Осылай ойлап үлгергенше болған жоқ, сарай маңынан анасының дауысы естілді.

— Тұрдың ба, күнім?! Өккенің жұқа көйлегін жамыла салшы. Мына күннің ысуы жаман. Терің күйіп кетер.

Анасының айтқаны дұрыс болса да, бойжеткен қыз көршілерден ыңғайсызданған. Бала кезден біледі гой, бірі болмаса бірі келіп анасының қасында түске дейін ауыл жаңалығын айтпайды. Тағы бір қонысы сіріңке сұрай келер. Анасы да қызық, көңілсіздікпен бәрін тыңдап отыра береді. Соған отыр қарап отырмай, Айнашты да сөз етеді гой. Ерке қыз осыны ойлаған. Бірақ үл еткен лебі жоқ далада жеңсіз киіммен жүруге ықылас соқпады ма, өккенің жөйдесін қой алды.

Дастархан басында анасы әкеуі өткен-жеткенді әңгімелей отыр. Анасы көбіне ауылдың жайын айтады.

— Ана Бердібектің үйін білесің гой, — дейді бал татыған шайын ұсынып жатып.

— Билік кенке баласына еңкі беріп, өз алдына үй соғып жатыр. Бірақ жастарға ауылда тұрған обал гой. Мардымсыз айлыққа қарап отырғаннан қалаға кеткені жаксы емес пе? Ара-тұра шығатын балықты көңіліне медет қылатын шығар. Бірақ қазір теңізде қайсыбір балық қалды дейсің... Анасы осылай деп уайым қылады. Әдетте Айнаш өзгелердің өміріне араласқанды ұнатпайтын. Тек анасы жақын туысқанын айтқан соң, бұл да еріксіз қонысқан. Шыным, ауылдың болашағы не болар екен?

Көбіне ауыл адамдары күлбей тіріліп тұрса қалдырып бітіретін. Бүгінгі әдеті де осы. Түске қалса мей қайнатар өзіне қарап тап боларын білген Айнаш да атасының үйіне барып, сөлем бермек ниетте. Үлкен үй алыс емес. Көп болса жарты сағат жүрер. Қайта ғана жолдың ұзарғаны жаксы. Ауылды алыстан бақылап, бала күнін еске түсірудің әдіс таптырмас демалыс қой. Тегіс емес, ирелең, көй жері көдір-бұдыр, жартылай саз, жартылай май топырақ жолмен баяу басып келеді. Жай жүрмей жан-жағын барлап көледі. Көзге ілінер көк таппады. «Билік жауын аз болып, пішен де өспеді» деген әкесінің сөзі есіне түсті. Өнеу жерде жартылай күн күрәтп, сартып тартқан адыраспанды байқаған болды.

Қызық... Мана таңертең аулада көрген әкесінің гүлдері де осылай сарғыштынып, жапырағына құрт түскен сияқты еді ау, е? Жаздың басталғаны кеше. Алда шілдір шілде бар гой әлі... Бәріне бірдей не болған?! Бала күнінде гой, ауыл адамдарының ауласында, көшеде ағаш та, көк те қаулап тұратын. Соның ішінде Айнаш жабайы өскен мөңдүзаның жаксы көретін. Атасы қанша рет «қулаңып қаласың, ол жабайы өсімдік» дегеніне қарамай, әпкесімен бірге гүлді сабағымен талай жұлған. Тіпті адыраспанның түінегің «алма» деп ойнап, құрбысына «қонаққа» апаратын. Қазір мекеніне да көрінбей ме, қалай өзгі?



Осылай ойланп келе жатып, қарашаңырақтың ауласына қалай аңқ басқанын да білмей қалды. Кішкентай кезден «Айнаш» дейтін әкесі ән-тан, Сірә, Айнашты келеді деп ойламаста керек. Екі бетін кезек-кезек сүйіп, үл-үлкен қызды еркелетіп жатыр. Айнаш ұялса да үндемеді. Тіпті әкесінің осы мейірімін үйдегі алты айлық Ернұрдан қызғанып сөкілді. Үлкен үйдің амандығын білген соң, жеңгесімен де біраз шүйірлекескені бар. Бұрын жаңа сауып, пісірген ыстық сүтін ала жүгіретін жеңгесі «шай іше гой» деумен шектелді. Қызық... Ерке қыздың бала күнінен сыйыр сүтін қорықпай біле тұра, жеңгесінің мұнысы несі?! Соны сезгендегі ауылдың бар бейнетін бір адамдай білетін келіп көңілісіз әңгіме бастады:

— Былтыр гой, жеті-сегіз сиырды қатар сауып құрт пен қатыңға қарға болғанымыз. Билік сауын сиырларды көрсен жылағың келеді. Сүт бермек түгілі, бұзауын да жарытпайды. Қарны қабысып тұр. Аған қолдан жем бергенмен, жердегі көктей болсын ба? Қуаншылық деген осы шығар, билік көктен тамшы тамбады... деген. Ауылдағы ахуалдың нашарлап бара жатқанын бәрі бір-бірімен келісіп алғандай айтады. Тіпті кішкентай Ернұр да соны қостайтын сияқты. Бір уақ таза ауада жүрсін деп далаға шығарған оның да денесі қызарып, жараға ұқсас майда бөртпе шығыпты. Бұрындары адамдар «күнге күйген жаксы, қыста ауырмайсың» дейтін еді гой. Қазір керісінше, бәрі күннен қашатын болған. Сәл уақыт сәулесі өтсе болды, теріге белгісіз бөртпе қапайтынын бала да біледі.

Айнаш былдартай күлген Ернұрды еркелетіп біраз отырды. Күн тас төбеде шақшынып тұр. Ауылға аз ғана уақытқа келген бойжеткен қайтандан анасына баруға асықты. Түжі асқа қарайластанан, әкесін қатты қыпай қашқанда да, үйіне беттеді. Ойланп келеді.

Кенет... Көзі бақырайған күйі қорық кетті. Жерде бар қалдық пен қараны үйіре ұшырып, ауыл шетінен қап-қара құйын келеді. Дауыл бес бала күнен иманын үйретін Айнаш қалп тоқтай қалды. Атасының үйіне қайтысы келген. Бірақ жолдың дәл ортасында кейін қайтуға жүргі дауаламады. Жай ғана жылағысы келді. Жан-жағын жайлап кететін үлкен құйында қаларын білсе де үйіне қарай жүгірген жоқ. Өзін қаншама сырт көздің бақылап тұрғанын білмейді деймісін?! Балаға ұқсап, тапырақтың қазса уат болады. Жылдамдығына көз ілесетін құмды дауыл шатыр мен ескі терезені тасырлата соғып ұйытқып келеді. Айнаш сүп-сүр. Айнаштың жүргі қорыққаннан қатты соға бастады. Үйлер де көрінбеге айналған. Күм көшкеннен сау ма өзгі? Арада сүт пісірім уақыт өткен соң түк болмағандай бәрі басылды. Үйіне еңгіге жеткен Айнаш анасын құшақтап алды.

— Түрінен айналайын. Өзім де сені қорық қалады-ау деп ойлап едім. Еңбұл осындай құмды құйын қунара қайталанып тұр. Далада жүріп жұмыс істей алмайсың. Не жуған киімді де жая алмайсың... Анасы күбірлеп қызын осылай жұбатқан болды. Өне-міне дегенше әкесі де жұмыстан келген. Есіктен ене бере бақшадағы қияр мен қызанаттың қасына барды. Енді ғана жалғызғы жайқалып, түнкетіп келе жатқан өскінді жұлқыңан жел жұлып әкелтіпті. Айнаш өкесінің еңбегін көріп айп кетті. Осында ауыл айналсаы құрақ. Ал құбырдағы сауғаттан қана беріледі. Соны ақ-судан артылып, бақшадағы өскіне бергендегі өңбегі текке кеткеніне іші ұлай ашыды.

— Папа, ауылдан көшесіңдер қалай болады? — деді еріксіз...

Айнаштың ауылдан келгеніне көп уақыт өткен жоқ. Сонда да ауық-ауық ауылдан хабар алуға тырысады. Бұл хабарлаққаннан не өзгерді дейсің? Күндіз ыстық, ал кешке маса-матақаннан ауыл адамдары сыртқа жүре алмайды. Ертіснен жұмысына келген. Өріптерестері Арал жақта бес жүз бас малдың қырылғанын айтып, оңал қалды Сырдария арнасының көпекінің өңгіме етіп бас шайқасып жүр. Өлеуметтік желіде де осы тақырып. Жанында бір хабарды көрген. Министр қуаншылықтың себебін түсіндіріп, соңында қаудан, ауыл тұрғындары бізде көмек сурамайды. Өйтпесе көп ұшын созуға дайынбыз» дегені. Айнаш күлерін де, жыларын да білмеді. Алыстанғы ауыл тұрғындарының тілегі министр жете ме екен өзгі?

Кешке көп қабаты үйіне шаршаңқы көңіл-күймен оралған Айнаш сәл тынығып, намаз оқуға негіз етті. Кенет сөңгекке мандайы тигені сол еді. «Жолың болсын, папа» деген кішкентай баланың дауысын естіді. Терезе ашық тұрған. Сырттағы дауыс анық естілді. Бала күнінде Айнаш да жылымы мен ескені көлігіне тиеп, көк теңізге бет қойған әкесіне осылай дейтін. «Жолың болсын, папа!». Анасы ешқашан өкен бір жаққа жол жүрсе, қайда баратынын сурама деген. Айнаш балықты ауылды, сол ауылдың бейнеткек тұрғындарын есіне алды да, қуаншылықты шешімін Жаратқаннан ғана қайта-қайта сұрай берді...

Еллік ЕРТАЙҚЫЗЫ

## ЖОЛ ҚИЙЛЫСЫНДА...

Өсіп келе жатқан халықтың қажеттіліктері мен климаттың өзгеруі арасындағы жарыс бізді қиын таңдауға алып келеді. Егер де біз қоршаған ортаға деген көзқарасымызды өзгертпесек, апатты болашаққа тап боламыз.

2050 жылға қарай Орталық Азия халқы саны 100 миллионнан асады. Өскелең экономика мен жас тұрғындар жағдайында өңірдің суға, азық-түлікке және энергетикалық ресурстарға қажеттілігі теңдесі жоқ деңгейге жетеді. Бірақ бұл адамдар қажеттіліктері экожүйелердің деградациясынан азайту және оларды қалпына келтіру қажеттілігінен асып кетпейтін керек.

Орталық Азия мемлекеттеріне Арал теңізін құрып кетуден сақтау үшін қоршаған ортаны ұтымды басқару маңызды. Бір кездері Арал теңізі әлемдегі төртінші үлкен көл болған еді. Бірақ бүгінде оның мөлшері бастапқы өлшемнің онан бір бөлігін құрайды. Өркендеп келе жатқан балық аулау саласы құлдырады, ал жақын жерде тұратын адамдар мен малдың денсаулығына усақ шаң, тұз және пестицидтердің қалдықтарын көтеріп, тарататын қатты құмды дауылдар теріс әсер етеді.

Осы апатқа дейін Арал теңізі аймағының экономикасы мал шаруашылығына, ауылшаруашылығына және балық аулауға бағытталған болатын. Бүгінде бұл аймақта шамамен 40 миллион адам тұрады, оның ішінде 4 миллион адам бұрынғы теңіз түбінде немесе оның жаңында тұрады. Өлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемалардың үйлесуі көпшілікті аймақтан кетуге мәжбүр етті.



Алайда, соңғы өзгерістер Қазақстанның теңізді сақтауда жетекші рөл атқара алатындығын көрсетеді. Қазақстан Үкіметінің тынымсыз ықпалдасты арасында Қазақстандағы Солтүстік Арал теңізі қайта жанданды, ал балық аулау өткенмен салыстырғанда келімінен болса да, қайтып оранды.

2021 жылдың қаңтарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның жаңа экологиялық кодексіне қол қойды. Жаңа кодекс елдегі экологиялық тәжірибені жақсартуға бағытталған және АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) Қазақстанның экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің әзірлеуге көмектескен климатқа бейімделу жөніндегі жаңа мақалаларды қамтиды. Климат мәселелері жөніндегі заңнаманы қабылдау мен іске асыруды қолдай отырып, АҚШ Үкіметі Орталық Азия елдерінде оны пайдалану үшін климатқа бейімделудің табысты моделін көрсету мақсатында бұрынғысына Қазақстан Үкіметімен ынтымақтастыға ниетті.

USAID және келетін даму серіктестері Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру бойынша біріктер жобаларды іске асыру үшін аймақ елдерінің үкіметтерімен ынтымақтастыда. Алда ұзақ жол бар, бірақ бүкіл әлем бойынша жасалған іс-әрекет мысалдары біздің планетамызды мағыналы түрде сауықтыра алатынымызды көрсетеді.

Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы елшісі ретінде мен Байден-Харрис өкілшілігі климатты АҚШ-тың сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігінің негізгі басымдығы дәрежесіне көтерді деп мақтанышпен айта аламын. Сіздердің кейбіреулеріңіздің өз оңылдық бойы аймақтың досы болған бұрынғы Мемлекеттік хатшы Джон Керри мырза естеріңізде болар. Жаңа өкілшілікте ол АҚШ Президентінің климат жөніндегі арнайы өкілі болып тағайындалды. Осы жаңа рөлде Керри мырза Арал теңізін қалпына келтіруге және транскарақалық су ресурстарын табысты басқаруға аса маңызды көңіл бөлді.

Қазіргі уақытта USAID осы жылдың соңында басталатын экожүйені қалпына келтіру бойынша жұмысқа дайындық шеңберінде Үздік тәжірибелер мен бар тәжірибені анықтау мақсатында Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру бойынша алдыңғы іс-шараларға тағдау жүргізуде. USAID Орталық Азия мен Ауғанстандағы тұрақтылықты, экономикалық өркендеуді және тұрақты экожүйелерді арттыру үшін транскарақалық су ресурстарын басқару бойынша аймақтық ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылатын болады.

Бүгінгі таңда Арал теңізіндегі жағдай үмітсіз болып көрінсе де, оптимизмге себеп бар. Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру жөніндегі біздің бірлескен іс-әрекетіміз Орталық Азия тұрғындары үшін неғұрлым гүлденген және орнықты болашаққа алып келуі мүмкін. Америка Құрама Штаттары Қазақстанды осы мәселеде қолдайтын мақтан тұтады; біз бір планетада өмір сүріп жатырмыз және оған бірге қамқорлық жасауымыз керек.

Уильям Х. МОЗЕР, АҚШ-тың Қазақстандағы Елшісі

## ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ЛАС 10 ҚАЛА

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев еліміздегі ауасы ең лас 10 қаланы атады. Бұлар: Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Шымкент.

Атмосфералық ауаның экологиялық мониторингінә сәйкес, былтырғы қорытынды осыны көрсеткен. Өңірлердің негізгі экологиялық проблемасы — ауаның, жерусті суының ластануы және қалдықтармен жұмыс істевудің жетілмеген жүйесі. Қатты тұрмыстық қалдықтардың полигоны сани тарлық және экологиялық талаптарға сай емес.



## СЕКСЕУІЛ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Үкімет отырысында Арал теңізіндегі жағдайды арнайы экспедиция зерттеп келгенін айтты.

Өсіп тұрған екікелерге тексеру жүргізілген. Ал Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу мәселесі Мемлекет басшысының да ерекше баулауында.

Министрдің мәліметінше, 1990 жылдан бастап 2021 жылға дейін 195 мың гектар жерге 9% сексеуіл отырғызылды. «Бірнеше апта бұрын арнайы экспедиция жұмыс

істеп келді. Өсіп тұрған екікелерге тексеру жүргізілді. Табиғи жолмен өсіп тұрғандарды санағанда ауданы 337 мың га құрайды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бір сексеуілді отырғызу бойынша кешенді бағдарлама әзірлеп жатырмыз. Алдағы он жыл ішінде (2021-2030) 1,1 миллион гектар жерге сексеуіл отырғызу жоспарлануда», — деп ол.

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ: ЖЕҢІМПАЗ БЕН ЖҮЛДЕР

### Ерлер

60 кило: 1.Яго Абуладзе (Ресей), 2. Ғұсман Қыргызбаев (Қазақстан), 3.Харамат Гусейнов (Әзербайжан) пен Франсиско Гарригос (Испания), 66 кило: 1.Дзасир Маруама (Жапония), 2.Мануэль Ломбардо (Италия), 3.Якуб Шамилов (Ресей) пен Йондонперенлей Басхуу (Моңғолия).

73 кило: 1.Лаша Шавдатуашили (Грузия), 2.Томми Масиас (Швеция), 3.Сойлиш Хасимото (Жапония) мен Білап Чилогылы (Түркия).

81 кило: 1.Маттис Каас (Бельгия), 2.Тото Григалашвили (Грузия), 3.Франк де Вит (Нидерланд) пен Ари Эгүтидзе (Португалия).

90 кило: 1.Николоз Шераздишвили (Испания), 2.Давлат Бобонов (Өзбекстан), 3. Маркус Нюман (Швеция) мен Кристиан Тотт (Мажарстан).

100 кило: 1. Жорже Фонсека (Португалия), Александр Куколкин (Сербия), 3. Барлам Липертелиани (Грузия) мен Илья Суламанидзе (Грузия).

+ 100 кило: 1. Кокоро Кагерау (Жапония), 2. Темірлан Башаев (Ресей), 3. Якуб Хаммо (Украина) мен Гела Заалишвили (Грузия).

### Әйелдер

48 кило: 1.Натсуми Цунода (Жапония), 2.Вакана Кога (Жапония), 3.Уранцзэг Мұңхбатын (Моңғолия) мен Джулия Фигероа (Испания).

52 кило: 1.Ан Шилиме (Жапония), 2.Ана Бокс Перес (Испания), 3.Фабин Кочер (Швейцария) мен Гефен Примо (Израиль).

57 кило: 1. Джессика Климкайт (Канада), 2.Момо Тамаки (Жапония), 3.Нора Гякова (Косово) мен Тереза Штоль (Германия).

63 кило: 1.Кларисс Агбеньену (Франция), 2. Андрея Лешчи (Словения), 3.Санне Вермер (Нидерланд) мен Ана Обрадович (Сербия).

70 кило: 1.Барбара Матич (Хорватия), 2.Йоке Оно (Жапония), 3.Санне Ван Дейке (Нидерланд) мен Михаэла Попперс (Аустрия).

78 кило: 1.Ана Мария Вагнер (Германия), 2.Маделейне Малона (Франция), 3.Мами Умек (Жапония) мен Гюше Стенхейс (Нидерланд).

+ 78 кило: 1.Сара Асахина (Жапония), 2.Вакаба Томита (Жапония), 3.Мария Сулен Алтхеман (Бразилия) мен Беатрис Суза (Бразилия).

Лхкаважамтсты жеңіп, жартылай финалда Еуропа чемпионы деген дардай атағы бар Францияның сақа спортшысы Валид Хиярмен күресті. Ол да қайсар қазақтың қарқынына шыда берме алмады. Финалда Ғұсман ресейлік Яго Абуладзеден ұтылып, әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Әзірге бұл – Ғұсманның спорттық мансабындағы ең зор табысы. Жеңіс тұғырына сынқ сүйем қалғанда сүрінген Мағжан Шамшадин мен Елдос

Венгрияның астанасы Будапештте дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Дүбірлі додаға жер-жапанның әр қиырынан келген 600-ге тарта балуан бақ сынап, 15 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Айтулы жарыста біздің дзюдошыларға жалғыз жүлде бұйырды. Оның иесі – Ғұсман Қыргызбаев.

алмады. Ал бұл жолы біз мүлде басқа Мағжанды көрдік. 24 жастағы Сыр бойының сайыпқыраны жартылай финалда дейін қарсылас шыдапмады. Әуелі Украинаның әккі балуаны Артем Лесюктың аяғын көктен келтірді. Іле-шала Бельгияның беткеуестары, Еуропа ойындары мен құрлық біріншілігінің қола жүлдегері Йорре Ферстрэтен мен Испанияның марқасқасы, әлем чемпионаты мен құрлықтық ойындардың жүлдегері, Еуропа біріншілігінің жеңімпазы Франсиско Гарригосты жолынан ығыстырды. Бірақ одан әріге Мағжанның әлі жетпеді. Жартылай финалда Еуропа чемпионатында екі рет үздіктер санатынан көрінген Яго Абуладзеге ұтылып, қола медаль үшін сайыста әлем және құрлық біріншіліктерінде жеңіс тұғырына көтерілген әзербайжандық Харамат Гусейновке жол берді. Сөйтіп Мағжан Шамшадин бесінші орында қалып қойды. 66 кило салмақта өнер көрсеткен Елдос Жұмаханов та дәл сол мекеден көрінді. Ол да – талай дүрмекті көрген әккі балуан. Сол себепті де 30 жастағы дзюдошыға артылар жүктің салмағы ауыр еді. Мажарстандағы жарыстың тусасуесер кезеңсінде 2018 жылғы Еуропа чемпионаты словениялық Андреа Гамбончты жолынан ығыстырған Жұмаханов келесі айналымдарда аустралиялық Натан Катц және моңғолиялық Херлен Гандболдтан

финалда әлемдік рейтингтің көшбасшысы, биыл Лиссабонда Еуропа чемпионы атанған италиялық Мануэль Ломбардомен айкасты. Бәсеке барысында қандасмыз аяғын қайырып алды. Соған қарамастан ол соңғы секундтарға дейін аянбай айкасты. Десек те жеңіс Аленния түбей түлегінің ұюсында кетті. Содан кейін қазақ балуаны қола медаль үшін таласуға тиіс еді. Қарсыласы – Моңғолияның мықтысы Бахуу Йондонперенлей. Алайда алдағы айкаста алған ауыр жарاقاتы Жұмахановтың татамиге шығуына мүмкіндік бермеді. Соның салдарынан бесінші орынды қанағат тұтуына тура келді.

Қазақстанның әйелдер құрамасынан тек қана 29 жастағы Отгонцзэг Галбадрахқа сенім артқанымызды енесіне жасрайық. Олай деуге бірнеше негіз бар. Біріншіден, Отгонцзэгтің Олимпиада, әлем чемпионаттары және Азия ойындарының жүлдегері, Азия чемпионы деген дардай атақтары бар. Екіншіден, үздіктер рейтингінде олжалаған орны оған Токио Олимпиадасында бақ сынауға мүмкіндік беріп отыр. Үшіншіден, бүгінгі таңда Галбадрах аса жеңіл салмақ дәрежесіндегі ең белді балуандардың бірі. Сол себепті де осыдан алты жыл бұрын Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аударған спортшы Будапешттен олжалы оралады деп үміттендік.

## ЖАПОН СПОРТЫНАН ЖАЛҒЫЗ ЖҮЛДЕ



Жұмахановқа да өкпе айта алмаймыз. Олардың да өнері көпшіліктің көңілінен шықты. Кезінде жастар арасында әлем чемпионы атанған Шамшадин көпке дейін ересектер дуында өзін мойындата алмай жүрген еді. Елішілік жарыстарда тәуір күрескенімен, халықаралық додаларда бірде-бір рет даралана

басым түсті. Бастапқы кезеңдердегі белдесулердің барлығының да шиеленісті өткені соншалық, бұл бәсекелерде жеңімпазды анықтау үшін қосымша уақыт қажет болды. Бұл сынақтан Елдос мүдмдей өтті. Ширек финалда Беларусь өкілі Дмитрий Минковтан мерейі үстем болған қазақ дзюдошысы жартылай

Иә, Отгонцзэг Будапешттегі жарысты өте жақсы бастағаны рас. Алғашқы айналымдарда мажарстандық Лука Мамира мен маврикийлік Присцилла Морандты тырп еткізген жоқ. Үшінші кезеңде өзінің бұрынғы отандасы Уранцзэг Мұңхбатынмен кездесті. Кезінде 48 кило салмақ дәрежесі бойынша Моңғолияның бас балуаны атану үшін екеуі әбден «қырқысқанын» жанқиярлар жақсы біледі. Сол кезде ұлттық команда бапкерлерінің таңдауы тәжірибелі Мұңхбатынға түсті. Соған күйінген Галбадрах Қазақстанға қоныс аударды. Кейіннен түрлі жарыстарда екеуінің жолы жиі түйісті. Бірде Уранцзэгтің бағы жанса, енді бірде Отгонцзэгтің мерейі үстем болды. Осылайша, екеуі итжығыс түсіп жүрді. Ал Мажарстанның астанасында Моңғолиядан келген балуанының мысы басым болды.

Татамиге шыққан өзге қыздарымыздан да қайыр болмады. Әбиба Әбужақынова (48 кило), Нұрсұлу Ералыева (52 кило), Севара Нышанбаева (57 кило), Зере Бектасова мен Мөлдір Нарынова (70 кило) және Назгул Маратова мен Кәмила Берліқаш (+78 кило) сынды бұрымдыларымыздың барлығы да алғашқы айналымдардан аса алмады. Иә, оларға өкпе айту орынсыз. Өйткені, қазіргі кездегі Қазақстанда әйелдер дзюдосының деңгейі осы. Бізде өсу, ілгерілеу бақыламайды. Ал өзге елдерде бәрі керісінше, спорттың бұл түрі уақыт озған сайын қарыштап дамып барады...

Елішілік жарыстарда 60 кило салмақ дәрежесінде бәсекелестік деңгейі өте жоғары. Сол мықтылар арасында Елдос Сметовтің шоқтығы биік екені еш дау туғызбаса керек. Соңғы сегіз жыл бедерінде оның алдына ешкім түсе алған жоқ. Тараздың түлегі Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері, әлем және құрлық чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы атанып, басқа да талай табыстарға қол жеткізді. Бірақ бұл жолы ұлттық құрама бапкерлері Елдостың Токиоға еш алаңсыз дарлланғаны жөн деген шешіміг келіп, Будапешттегі бәсекеге Ғұсман Қыргызбаев пен Мағжан Шамшадинді аттандырды.

Біраз жылдан бері Сметовтің көлеңкесінде жүрген дзюдошылардың екеуі де Мажарстанның астанасында өзін жақсы қырынан көрсетті. Әсіресе Қыргызбаевтың шеберлігіне тәнті болдық. Бұған дейін талай байрақты бәсекеде олжа салған ол әлем чемпионатында бірде-бір рет жеңіс тұғырына көтеріле алған жоқ еді. Ғұсманның ең үздік көрсеткіші – бесінші орын. 2019 жылы Токиода ұйымдастырылған долада Ермек Нәсіевтің шәкірті қола медаль үшін таласып, өзінің командалық әріптесі әрі сыралғы қарсыласы Елдос Сметовке есе жібергені есімзде. Сол біріншілікті Қыргызбаев бесінші орынмен қорытындылады.

Бұл жолы 28 жастағы Қыргызбаев өзіне берілген мүмкіндікті ұтымды пайдаланды. Бастапқы бәсекелерде чехиялық Давид Пулкрабек, германиялық Мориц Плафки және моңғолиялық Унубод

## ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?



мөлшері азайтылды. Бұл Еуропа чемпионатының тарихындағы ең үлкен жүлде қоры. Бес жыл бұрын Еуро-2016 турнирінде бұл сома 301 миллион еуроны құраған еді.

Жалпы жүлде қоры ұлттық құрамаларға төмендегені белгіледі: Турнирге қатысқан ер команда 9,25 миллион еуроға ие болады.

Топтық кезеңдегі әр жеңіс үшін 1 миллион еуро, ал тең нәтиже үшін 500 000 еуро беріледі;

1/8 финалға шыққаны үшін УЕФА 1,5 миллион еуро төлейді;

Ширек финалға шыққаны үшін 2,5 миллион еуро;

Жартылай финалға қатысушылардың әрқайсысы 4 миллион еуродан алады;

Финалға шыққан командалар тағы 5 миллион еуродан алады, ал жеңімпаз қосымша 3 миллион еуроны қаптасына басады.

Осылайша, жеті матчта да жеңіске жеткен чемпион команда жалпы 28,25 миллион еуро пайда көреді. Әрине, бұл соманы УЕФА Чемпиондар лигасына қатысқан клубтарға төлейтін үлкен сыйақы көлемімен салыстыруға болмайды, бірақ бұл ұлттық құрамалар үшін өте үлкен табыс көзі болып саналады.

Биыл Еуропа чемпионатына рекордтық көлемде ақша бөлінді. Еуропа чемпионатының жалпы жүлде қоры 331 миллион еуроны құрайды. Бастапқыда УЕФА аталмыш турнир үшін 371 миллион еуро бөледі деп болжаған. Бірақ пандемияның әсерінен ұйым кірісінің төмендеуіне байланысты қаржы

Ғасырбек Қарасайұлы – көше жарысы (street workout) бойынша бірнеше жүлделі орын иегері. Осы спорт түрі жайында кеңірек білу үшін замандасымызбен аз-кем әңгімелестік.

## STREET WORKOUT

– Менің бұл спорт саласында жүргеніме екі жыл болды. Бұл спорт саласын көп адам біле бермейді, ал хабары бар адамдар қатты қызығады. Көше гимнастикасын әуесқой спорт немесе дене шынықтыру (фитнес) санатына жатқызуға болады. Жаттығу кезінде адамның он екі мүшесі бірдей қозғалыста болады. Дене шығаруға және артық майлардан арылуға көп септігін тигізеді. Мұндай спортпен айналысатын адамдар өздерін жаттығу қызметкерлері, көше (аула) спортшылары, көше гимнастары, турникеттер деп атайды, – дейді Ғ.Аманов.

Өртүрлі жаттығуларды ашық спорт алаңдарында, көлденең сырықтар, параллель тіреулер, штангалар, қол штангалары және басқа қорғалылар көмегімен орындайтын көше спортшылары күш пен төзімділікті дамытуға жұмыс істейді екен. Көше жаттығуын 14-15 жастан бастап айналысуға болады.

Ғасырбек соңғы екі жылда бірнеше жүлделі орынды қанжығасына байлаған. Айталық кермеге отыз екі рет тартылып бірінші орын, алтыс екі рет вурсия жасап жеңімпаз атанған.

– Қазіргі таңда маусым айының 21-інші жұлдызында болатын жарысқа дайындық үстіндемін. Көше спортымен айналысу демінің сау болуына да көп көмегін тигізеді, – дейді жас спортшы.

Аружан МИРАМҚЫЗЫ



Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК



ҚАЗАҚСТАН  
Тәуелсіздік

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫАШТАРЫ

# Мек - елімнің патриотымың

Биыл Тәуелсіздіктің – 30 жылдығы. Бұл күнге қалай жеттік, қандай қиын күнді бастан өткердік, оның бәрі бүгінде тарих. Десе де ата-бабамыздың ерлігі жүрегіміздің түбінде сақтаулы. Кейінгі ұрпақтың бақытты, баянды өмір сүруіне жасаған жағдайы жадымызда. 30 жылдың ішінде қаншама жетістікке жеттік. Бастысы, өз алдымызға мемлекет болдық, Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз, “Қазақстан” деген мемлекетіміз бар. Біз осы жетістігіміз үшін қуанымыз керек. Ата-бабамыздың еліміз үшін деген ерен еңбегін ұмытудың өзі күнә. Ендігі бізге артылған жауапкершілік – қарпайымдылықты, адамгершілікті сақтау. “Қазақ” деген атаққа дақ түсірмеу. Саат-дәстүрді сақтап, жөн-жоралғыны дөрілтеу. Бастысы, “Мен – елімнің патриотымын” дегендер санын көбейту. Ол үшін жас буынға тарихты насихаттап, өткенге көз жүгірту, ерлікті, батырлықты насихаттау керек. Бір қуантарлығы, “мен еліммен мақтанамын” деген жастар көп. Соның бірі жалағаштық – Бақытбек Кенжебек.



“КР Тәуелсіздігіне – 30 жыл. Мерейлі мерекемен сыр жұртшылығын шын көңілмен құттықтаймын. Қазақ деген ұлы халықтың, рухы биік елдің тұмазы болғанын үшін мақтаным зор. Тәуелсіз ел атанып, бой көтеріп, қазір, міне, Отанда деген сүйіспеншілігіміз арта түсуде. Мен өр кез қоғамдық ортада жүргенде туған елге деген, өмірге деген махаббаттың биік тұратынын, ерекше екенін айтып жүремін”, – дейді ол.

Өзге елде барғанда өз еліңді сағынатынын жасырын емес. Туған жердің бір уыс топырағының да қасиеті ұяңады екенін. Бірде Ресей елінде қалып қойған жігіттің елге келгенде жерге отыра салып, топырақты алақанына салып, иісхенгі әлі көз алдында. Сол кезде “Елімді! Қазақстанды қатты сағындым” деп көзін жаса алғаны бар. Бұл көрініс әрқашан елге деген махаббатты, сағынышты байқауға болады. Шынында, туған жерге

өштеңе жетпейді. Отан деп жүрген азаматтарымыз аман болсын.

– Бойымыздан табылуы керек қасиеттің бірі, ол елге деген патриоттық сезім. Сондықтан да біз жастар ел дамуына жұмыс жасап, аянабай қызмет етуіміз керек. Патриот деген сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Бұл сөз елді сүйге, құрметтеуге үйретеді. Адам бойындағы патриоттық сезім мәңгі өшпейді. “Елім үшін, жерім үшін” деп намыстанып жүрген жігіттерді көргенде қызығушылығым артады”, – дейді кейіпкеріміз.

Бақытбек Кенжебек – жас кәсіпкердің бірі. Ол “Jas Projekt” жобасының жеңімпазы. “Бизнестің жол картасы – 2020” бағдарламасы бойынша грант иегері.

– Елім деп, жерім деп кезінде ата-бабамыз қорған бідің мемлекетіміздің тәуелсіздігі алғы оңай болған жоқ. Сол сара жолдың қайталанбас белшегі ретінде қазір тек елге деген құрметпен өр қазақ адал

қызмет ету керек. Сондықтан тәуелсіз ел қатарына кіріп, осындай жаймауақ өмір кешуіміз біз үшін ерекше қуаныш. Қазіргі біліп, шексіз, риясыз пейілімен қарайтын біздің тәуелсіз қазақстандықтарға ерекше құрметімді білдіремін”, – дейді ол.

“Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге – 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың туғуы ғылағ тускенін айтыптың маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл халық үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз”, деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев “Тәуелсіздік бірінін қымбат” атты мақаласында. Иә, тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз.

Мәлдір КЕНЖЕГҰЛОВА

## АЙТЫС! АЙТЫС! АЙТЫС! ЖАС АҚЫНДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

### «ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ» ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті мен «Сыр үміті» қоғамдық қоры және «Қызылорда қалагерлерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесіне орын жас ақындардың «Жастар жырлайды» атты облыстық жазба ақындар айтысына шақырады.

Өлең десе от болып жанатын, ат сүрінгенше сөз табатын кешегі шайырлардың бүгінгі ізбасарларын күтеміз!

#### Жалпы ережелер

Айтыстың мақсаты мен міндеті:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы табысын, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдени-тарихи мұрасын насихаттау;
- Ел дамуының жаңа бағытына қоғам назарын аудару;
- Қазақстандық патриотизмді нығайтуға үлес қою;
- Жас ақындарды ынталандыру, шығармашыл жастарды насихаттау;

#### Айтыстың шарттары:

- Айтысқа қатысушы жас ақындар Сыр шайырларының ізімен шұбыртпалы ұйқас түрінде айтысуы керек. Жыр жолдары 32 қатардан аспауы тиіс. Ақындар айтысын бағалау кезінде белгіленген тақырыпқа сәйкестік, ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы, жан-жақтылығына баса назар аударылады.
- Айтыс барысында ақындар Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды оқиғалар мен ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер тұлғаларды, еңбек адамдарын бір-біріне жұмбақ етіп жасырады.

#### Айтыстың талаптары:

- Жазба ақындар айтысына 16-29 жас аралығындағы ақындар қатыса алады.
- Айтысқа ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

#### Айтысты ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:

- Айтысқа қатысушы келетін үміткерлер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған бір өлеңін aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Ақындарды іріктеу 17 маусымда аяқталады.
- Айтыс барысында әр жұл төрт рет қайымдасады.
- Ақындардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қызылорда алқасы құрылады.

#### Айтыстың жүлде қоры:

I орын – 100 000 (жүз мың) теңге;  
II орын – 50 000 (елу мың) теңге;  
III орын – 30 000 (отыз мың) теңге;

#### Редакцияның мекен-жайы:

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

Жырласаң, жырла, жасым, өз Еліңді!

## АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫ СЛЕНГТЕР



Ағылшын тілінде жыл сайын жаңа сөз қатарға қосылып, енді бір сөз қолданыстан шығатыны жасырын емес. Назарыңызға жаңа сленгтерді ұсынамыз.

#### 1. Hate to see it

Сөзсіз жағдайда қолданылатын сөз тіркесі. Мысалы, досыңыз сізден бақылау жұмысын көшіріп жатқан кезде, мұғалімнің көзіне түсіп қалды. Сондай кезде өз эмоцияңызды білдіру үшін жай ғана “hate to see it” деп айтсаңыз болады.

#### 2. Ok, boomer

Бэби-Бумер (1946-1964 жылы дүниеге келгендер) буынында өмірге келгендерге қатысты айталатын сөз. Интернет кеңістігінде миллиондалар (1980-1999) мен Z буыны (2000-2020) өкілдері жолданады.

Мысалы Бэби-Бумер буыны жастарға “лекция” оқығанды жақсы көреді. “Сенің жасыңда сіз далаға шығып, жиі серуленейтінбіз. Сенін отырсыңымына” дейтін болса, сіз жай ғана “Ok, boomer” деп жылы жауып тастай аласыз. Әрине, кенесі орынсыз болса.

#### 3. Cap

“Cap” бұл өтірік. Мысалы достар өзара “he’s definitely capping” (“Оның өтірік айттып тұрғаны анық”) деп талқылауы мүмкін. Одан бөлек – “no cap, I swear” (өтірік емес, шын айттым) деп ақталуға да болады.

#### 4. Basic

“Basic” бірнеше жылдан бері қолданылып келе жатқан слэнг. Әдетте айдан анық нәрсені айта беретін адамға жауап ретінде қолданады. Оның үстіне бұл сөзді айтқан кезде міндетті түрде көзді ақшуды ұмытпаңыз.

#### 5. Retweet

Бұл сөзді интернет кеңістігінде, әсіресе әлеуметтік желіде қолданады. Дегенмен жылдар өте келе оның қолданыс аясы кеңейді. Ауыз екі тілде оны “сеніммен келісемін, сені толықтай қолдаймын” деген мағынада қолданады.

#### 6. Fit

Қысқасы, “fit” сөзі outfit сөзінің қысқартылған нұсқасы. Бір уақытта “out” сөзінен

себебсіз алып тастады. Осылайша біреудің сыртына қатысты пікір білдіру кезінде тек өңінді бұнында ғана қолданады. Мысалы – “cute fit”.

#### 7. Clout

Оксфорд сөздігіне сенсек, ресми мағынасы – “шын немесе жағдаят және адамдарға өсер ету”. Сөз бүгінгі инфлюенсерлер (influencers) мен Ютуберлермен (YouTubers) тікелей байланысты. Aren’t they chasing a clout, are they?

#### 8. And I oop

RuPaul’s Drag Rac шоуының қатысушысы Jasmine Masters арқасында қолданысқа енген сөз. Сөз арқасында ол бір затқа соғылып қалады. Сондықтан оның сөйлемі кенеттен үзіліп кетіп, “And I oop” деп жалғасады. Бүгінде тіркес ыңғайсыз жағдайда қалғаның еңіменің жалғастыра беру үшін қолданады. Мысалы, сөйлеп келе жатып, телефонды қолыңыңдан түсіріп алдыңыз, “And I oop” деңіз де, еңіменің жалғастыра беріңіз.

(17 – 23 маусым)

## JULDYZ - JORAMAL



#### ТОҚТЫ

Апта сәтті басталады. Егер асықтың, таңғың жаңа сөз қатарға қосылып, енді бір сөз қолданыстан шығатыны жасырын емес. Назарыңызға жаңа сленгтерді ұсынамыз.



#### ТОРПАҚ

Қандай мәселе орын алса да, өз ақылыңызды шығандың. Сонымен қатар қаржылық мәселенің бірыңғайласты. Алпта да өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.



#### ЕГІЗ

Сабырлық болуға тырысыңыз. Кейде айналандыдағы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыға ерменің. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолайлы сәт.



#### ШАЯН

Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жағдай болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз өз берілмейсіз. Табындылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.



#### АРЫСТАН

Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды, апта соңына дейін бітіресіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыптастыра аласыз. Барынша сабырлық сақтап біліңіз. Егер шыдамсыздық танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.



#### БИКЕШ

Адамдармен тіл табысу қиына соғады. Тіпті жақын адамдардың өз сөзді дұрыс түсінеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соңы қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмысты белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.



#### ТАРАЗЫ

Ойларыңыз. Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз, барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді байдаланып, барлық жұмысты дөңгелетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті күн болмақ. Бұл жандар бүгін табысты болады. Әсіресе топ болып жұмыс істейтіндердің айы онынан туады.



#### САРЫШАЯН

Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз. Сүйгеніңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.



#### МЕРГЕН

Қызметте жолыңыз болады. Қалтаңыз да қалыңдайды. Бірақ қалта қалыңдайды деп, достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Аптада сәттілік серігіңіз болады. Соның уақытта сызат түскен қарым-қаты-

насты қайта қалыпқа келтіресіз. Ескі қателіктерді де жөндейсіз.



#### ТАУЕШКИ

Аптаның жақсы басталады, уақытыңыз бекерге өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Осы күнінкізді серек өткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алпайда алаңдауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.



#### СУҚҰЙЫШ

Аптада барлық жұмысты бітіруге тырысыңыз. Маңызды мәселені бітіріп, жұмысты ретке келтіруге қолайлы сәт болмақ. Сүйгеніңізбен бірігесіз, оны ренжітіп алмаңыз. Байыппен сөйлеңіз, ол сізге жарасады.



#### БАЛЫҚ

Апта ерекше көңіл-күйсыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш болады.

Көзекші редактор: А.ӨЛШЕРОВА

## АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

#### БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

#### БАС РЕДАКТОР

Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А

e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com

Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 8517

Тапсырыс: 873